

1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге 2002 жылғы 13 мамырдағы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 қаңтардағы N 48 Қаулысы

"Халықаралық шарттар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге 2002 жылғы 13 мамырдағы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасына қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қ а р а у ы н а е н г і з і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге 2002 жылғы 13 мамырдағы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан "Құрманғазы" (Құлалы), "Центральная" геологиялық құрылымдарының және "Хвалыньское" кен орнының көмірсутек ресурстарын бірлесіп игерудегі өзара мүдделілікті ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге 2002 жылғы 13 мамырдағы Хаттаманың (бұдан әрі - Хаттама) мәтініне өзгеріс енгізілсін - 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Хаттаманың 3, 4 және 5-баптарына сәйкес тараптардың уәкілетті органдары құрған кәсіпорындарға олардың шегінде "Құрманғазы" ("Құлалы") және "Центральная" құрылымдары, сондай-ақ "Хвалынское" кен орны орналасқан жер қойнауы учаскелерін пайдалану құқығы өнімді бөлісу шарттарында, сондай-ақ жер қойнауының осы учаскелерінде өнімді бөлісу шарттарынан ерекше, жер қойнауын пайдаланудың өзге де шарттарында, пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеу, барлау және өндіру мүмкіндігі жоқтығын растайтын қандай да бір конкурстарды немесе аукциондарды өткізбей-ақ осы учаскелерді пайдалану құқығы берілуі мүмкін жер қойнауы учаскелерінің тізбесіне осы учаскелерді енгізу қажеттігінсіз өнімді бөлісу шарттарында беріледі. Көрсетілген кәсіпорындармен осы жер қойнауы учаскелеріне қатысты өнімді бөлісу туралы келісімдер өнімді бөлісу туралы келісімдер жасасу құқығына аукциондар өткізбей-ақ ж а с а л а д ы " .

Осы Хаттама қол қойылған сәттен бастап уақытша қолданылады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарланған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2006 жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін *Ресей Федерациясы үшін*